ЖШС «Амаль-2021» «Аяла»балабақшасы
педагогикалық кеңес отырысы
2023-2024 оқу жылы

Хаттама №1

Қатысқандар: балабақша меңгерушісі – Тәуекелова О.А 31.08.2023 жыл
Тәрбиешілер – барлығы
Медбике – 1
Өткізілген орны: Әдіскер кабинеті

Тақырыбы:Мектепке дейінгі ұйымның жаңа 2023- 2024 оқу жылына дайындығы

Күн тәртібінде:
1. «Аяла» балабақшасының жаңа 2023-2024 оқу жылына дайындығы.
2. Жаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және әдістемелік нұсқау хатты ашып, талқылау
3. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы 01.09.2023 жылғы
4. Үстел үсті ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны (тәрбиеші:Сарбасова А.Б
5.“Топта дидактикалық ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны” (Тәрбиеші Әлқуатова А.М)
6. Тренинг
7.Ағымдағы мәселелер

1 мәселесі бойынша балабақша меңгерушісі . сөз алып, педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтады. Сондай-ақ педагогтардың сапалық тізімімен таныстырды, яғни 1 әдіскер, 1 музыка жетекшісі, психолог, 3 топ тың тәрбиешілері. Әр тәрбиешінің қайсысы қай топта жұмыс атқаратынын айтып өтті.Жаңа оқу жылына жаңа қарқынмен кірісулерін қадап айтты.Одан кейін ең үлкен мәселенің бірі – жаңа стандарт туралы, ондағы өзгерістер туралы, жаңа ҰІӘ қосылғанын ерекше айтып, бұйрықтарымен таныстырды.Келесі сөз кезегі балабақша әдіскеріне берілді. Биылғы жаңа оқу жылында үлкен өзгеріс болып отыр, Яғни ҚР мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына өзгерістер енгізіліп отыр. «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 5-1)тармақшасына,«Құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабының 1-тармағына және 36-бабына, «ҚазақстанРеспубликасының мемлекеттік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 11 маусымдағы № 917 Жарлығына сәйкес өзгерістер енгізілді.

2 мәселе бойыншаЖаңа мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын және әдістемелік нұсқау хатты ашып, талқылау.

1. Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

Әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

Балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы,тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;

тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Scanned with CamScanner

Отанға,ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

Баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

2. Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

3. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту физикалық дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруды қарастырады.

Дене шынықтыру ата-аналардың балаларға ерте жастан күтім жасауы мен оларды дамыту дағдыларына ие болуына жәрдемдесу, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту, әртүрлі ойындарды, оның ішінде ұлттық, қимылды ойындарды, командамен жарыс сипатындағы ойындарды өткізу, спорттық жаттығуларды орындау, спорттық ойындардың элементтерімен таныстыру, шығармашылық қабілеттер мен командамен бірге әрекет ету дағдыларын дамыту бойынша міндеттерді қамтиды.

4. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас дағдыларын меңгертуді, қолдың ұсақ моторикасын және командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуды қарастырады.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен, балаларкөркем әдебиетімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеу,шығарманы бірге оқу мен айтып беру, талдау, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін қалыптастыру, белсенді сөздік қорын байыту, тілдік нормаларды, қарым-қатынас мәдениетін меңгерту міндеттерін шешеді.

1. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту тәрбиеленушілердің қоршаған әлем мен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуді қарастырады.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту сенсорлық эталондар туралы түсініктерді, қарапайым математикалық ұғымдарды; құрастыру іс-әрекеті тәсілдерін меңгеру; креативті және сыни ойлауды дамыту; азаматтық және патриотизмге баулу, ұлттықмәдениетті құрметтеуді қарастырады.

2. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, ғылыми-зерттеу іс-әрекетін дамыту өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасау бойынша міндеттерді қамтиды.

Шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту үшін шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту, тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерімен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдайлар жасалады.

3. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Scanned with CamScanner

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастырудың мақсаты тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру болып табылады.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру қоғамның әлеуметтік және этикалық нормаларымен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;

3 мәселе бойынша Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2022 жылғы 1 қыркүйекте шыққан жаңа жолдаумен таныстырылды.Биыл біз жаңа кезеңге қадам бастық. Халқымыз жалпыұлттық референдумда саяси жаңғыру бағдарын қолдады. Конституциялық реформа Жаңа, Әділетті Қазақстанды құру жолындағы аса маңызды қадам болды. Еліміздегі саяси жаңғыру енді экономикалық өзгерістерге ұласуға тиіс.

Біз «Азамат – бизнес – мемлекет» арасындағы қатынасты түбегейлі өзгертеміз. Мемлекет, ең алдымен, бәріне бірдей мүмкіндік беріп, әділдік орнатады. Қоғам игілігіне арналған қызмет деңгейі жоғары болуына кепілдік береді. Әлеуметтік жағынан әлсіз топтағы азаматтарға қолдау көрсетеміз. Мүмкіндігі шектеулі жандарға да көмектесеміз. Президент жанындағы Омбудсмен тағайындалады.

Мемлекет экономикалық еркіндікті қолдайды. Бірақ, халықты нарық тұрақсыздығының ықпалынан барынша қорғайды. Шағын және орта бизнесті мейлінше дамытады.

4 мәселе бойыншаҮстел үсті ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны тәрбиеші көрсетті.

5 мәселе бойынша "Топта дидактикалық ойындарды ұйымдастыру бойынша педагог жұмысының мазмұны" баяндама оқылды тәрбиеші

6 мәселе бойынша Тәрбиеші тренинг жүргізді.

7 мәселе бойынша ағымдағы мәселелер талқыланды.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.

Мерзімі – үнемі, күнделікті
Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.

Мерзімі – үнемі
Жауапты – тәрбиешілер, әдіскер.

Педагогикалық кеңес төрайымы: Тәуекелова О.А

Хатшы: Рзабева А.Ж

Scanned with CamScanner

ЖШС «Амаль-2021» «Аяла»балабақшасы
педагогикалық кеңес отырысы
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №2

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі –
Тәрбиешілер – барлығы
Медбике-1

Күн тәртібінде:
1.№1 пед.кеңестің шешімі
2.Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы;
3.Жаппай бақылау нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі балаларда жаңартылған оқу бағдарламасынқалыптастыруашық қаралымның нәтижесі;

І.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:
1.Оқу – тәрбие жұмыстары жаңа стандарт талаптарына сай әзірленсін және методикалық талапқа сай жүргізілсін.
Мерзімі: үнемі, күнделікті
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

2. Жылдық міндеттеме мақсатына жету жолында әр тәрбиеші өз іскерліктерімен, шеберліктерімен методикалық талапқа сай әрекет етсін және бала өмірінің қауіпсіздігін сақтасын.
Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер.

ІІ ТЫҢДАЛДЫ: Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру қорытындысы;
СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Балабақша меңгерушісі Тәуекелова О.А 2023-2024 оқу жылында өткен оқу жылында педагогтарды аттестаттау «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.05.2020 № 202 бұйрығы негізінде іске асырылды, -деді.
ҚАУЛЫ ЕТТІ: Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыру курсынан өткізу.
ІІІ ТЫҢДАЛДЫ: Жаппай бақылау нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі балаларда жаңартылған оқу бағдарламасынқалыптастыруашық қаралымның нәтижесі; Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандартымен және әдістемелік нұсқаулық хатпен таныстыру
СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Балабақша меңгерушісі Ж.Е.Бақытжанова сөз алды. Биыл Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен өзгертіліп, бекітілді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық

Scanned with CamScanner

құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады. Негізгі міндеттері, әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру; балалардың өмірін қорғау және денсаулығын нығайту, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыру; тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру; Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу; баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығын қалыптастыру және тең бастапқы мүмкіндіктер беру. Мектепке дейінгі ұйым мекемелері Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына, Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына, Мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады,

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша жүзеге асады:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Балалардың дағдыларын қалыптастыру және дамыту келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы іске асырылады:

1) дене шынықтыру (ерекше тәрбиеленушілер үшін бейімделген дене шынықтыру);
2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
3) сөйлеуді дамыту;
4) көркем әдебиет;
5) сауат ашу негіздері;
6) қазақ тілі (оқыту басқа тілде жүргізілетін топтарда);
7) сенсорика;
8) математика негіздері;
9) құрастыру;
10) қоршаған ортамен таныстыру;
11) сурет салу;
12) мүсіндеу;
13) жапсыру;
14) музыка.

Ұйымдастырылған іс-әрекет - Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын, соның ішінде мектепке дейінгі ұйымның жұмыс бағытын ескере отырып, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, патриоттық сезімге, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, қауіпсіз мінез-құлық қағидаларын қалыптастыру бойынша міндеттерді іске асыру үшін күні бойы педагогтің ойын түріндегі түрлі балалар әрекеті (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) арқылы ұйымдастыратын іс-әрекет.

Ортаңғы топтан бастап мемлекеттік тілді меңгерту мақсатында күні бойы режимдік сәттерде Үлгілік оқу бағдарламасында айқындалған сөздік минимумды үйрету, түрлі балалар әрекетінде тәрбиеленушілердің ауызекі байланыстырып сөйлеуін дамыту, сондай-ақ қазақ халқының мәдениетімен, салттары мен дәстүрлерімен таныстыру, белсенді сөздікті байыту, сөздік нормаларды, мәдениетті қарым-қатынасты игерту ұсынылады.

Күн сайын балаларға кітаптарды оқып беру, балалардың оқылған,
тыңдалған шығармалардан әсер алуына ықпал ету, балалардың жасына сәйкес

Scanned with CamScanner

тақпақтарды, өлеңдерді жаттату, кітаптардағы иллюстрацияларды көрсету және оларға түсініктеме беру, балалардың ойларын тыңдау, балаларға қызықты(кітаптарды таңдау, ол үшін топта немесе мектепке дейінгі ұйымда балаларға арналған кітаптардан, сондай-ақ балаларға арналған аудио шығармалардан кітап бұрышын ұйымдастыруға болады. Балалардың өз бетінше, балалармен бірлесіп кітаптарды қарауына, тыңдалған шығармалардағы кейіпкерлердің әрекетін ойында қайталауға немесе ойдан кейіпкердің рөлін өзінше сомдауға және т.б.мүмкіндік беріледі.

Тәрбиешілерге ұсынылады:

- кітап бұрышын жасау;
- кітап бұрышын толықтыруға ата-аналарды тарту;
- кітапты уақытша пайдалануға үйге беру;
- кітап бұрышын ата-аналардың балалармен бірге қолдануына жағдай жасау.

Сонымен бірге, топтарда ұйымдастырылған іс-әрекеттің кестесі болмайды. Кесте мамандарға жасалады. Циклограмма, перспетивалық жоспардың үлгісі ұсынылған. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті стандарты мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнында:

1) тәрбиелеу-білім беру процесінің міндеттерін іске асыру;
2) ұйымдастырылған іс-әрекеттің мазмұны;
3) білім беру іс-әрекетін тиімді кіріктіру;
4) сабақтастық принциптерін, тәрбие мен оқытудың үздіксіздігін қамтамасыз ету;
5) ұйымдастырылған іс-әрекеттің күтілетін нәтижелері қарастырылатын болады. «Жаратылыстану» ұйымдастырылған оқу қызметінің міндеттері «Қоршаған ортамен танысу» ұйымдастырылған іс-әрекетімен кіріктіріліп, шешілетін болады. Перспективалық жоспарды ұйымдастырылған іс-әрекеттер бойынша тәрбиешілер, жас тобында жұмыс істейтін педагогтер (қазақ тілі мұғалімі, дене шынықтыру (жүзу) нұсқаушысы, музыкалық жетекшісі) оқу жылы басталғанға дейін жылына бір рет жасайды. Перспективалық жоспарда әрбір ұйымдастырылған іс-әрекеттердің Үлгілік оқу бағдарламасы негізінде бір айға міндеттері айқындалады. Циклограмманың ұйымдастырылған іс-әрекет бөлімінде мектепке дейінгі ұйымның кестесіне сәйкес жүргізілетін денешынықтыру, қазақ тілі, сауат ашу негіздері және музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері толтырылады. Бұдан басқа ұйымдастырылған іс-әрекеттер түрлі балалар әрекеттері арқылы күні бойы күн тәртібіне сәйкес толтырылады және іске асырылады. Циклограмма әр аптаға құрылады, ол балаларды қабылдаудан бастап,түрлі балалар әрекеттерін, серуенді өткізуді, күндізгі ұйқыны ұйымдастыруды, яғни балалардың үйге қайтуына дейін күн тәртібінің орындалуын қамтамасыз етеді. Циклограмманың құрылымы күн тәртібіне сәйкес құрылады.

Циклограмманы жоспарлауға қойылатын талаптар:

- аптаның әрбір күніне Перспективалық жоспардағы ұйымдастырылған іс-әрекеттердің міндеттеріне сәйкес балалармен өткізілетін әрекет түрлерін анықтау;
- әрбір әрекет түрлерін өткізуде бағдарлама мазмұнын жүйелілік пен сабақтастық қағидасын сақтай отырып беру;
- балаларды тәрбиелеу мен оқытуда инновациялық технологияларды, әдістер мен тәсілдерді қолдану;
- әрбір балалар әрекетін ұйымдастыру үшін жайлы заттық дамытушы ортаны (орталықтарға бөлу және оның балаларға қолжетімді болуын қарастыру, оның мүмкіндіктерін барынша қолдану) құру. Педагогтің міндеті – өзінің түсіндіруіне көп уақыт бөлмей, балаларды шаршатпай, жалықтырмай, түсіндіруді балалардың өзбетінше ой елегінен өткізіп, сұрақтарға жауап табуына, қолмен жасап, зерттеп, шешім шығаруына мүмкіндік беру. Ол үшін балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, ойын түрінде

Scanned with CamScanner

түрлі балалар әрекеттерін (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) ұйымдастыру. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдау. Балалардың түрлі әрекеттерін ұйымдастыруда баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, ойын түрінде, барлық балалармен бір уақытта ғана емес, сонымен қатар шағын топтармен өткізу, балалар әрекетінің бірнеше түрі қатар ұйымдастырылған жағдайда балаларға аталған әрекеттердің бір түрінен өзін қызықтыратын басқа екінші әрекетке ауысуға рұқсат ету, қызығып орындапотырған баланы басқа балалармен бірге еріксіз келесі әрекетке көшірмеу ұсынылады. Сондай-ақ, ұйымдастырған іс-әрекеттерді, түрлі балалар әрекеттерін тек топ бөлмесінде үстел үстінде ғана емес, серуенде, ойын алаңында және т.б. балалар үшін жайлы жағдайларда күннің бірінші және екінші жартысында өткізуге болады. Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру және өткізу кезінде тәрбиеленушілердің қызығушылықтары, қажеттіліктері, жас және жеке ерекшеліктері ескеріледі.
Әдістемелік нұсқау хат жыл бойы www.rc-dd.kz сайтында қолжетімді болады, қарап, танысып, жұмыста пайдаланыңыздар,-деді.

І.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1.№2 пед.кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау.

2.Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.

Мерзімі: жыл сайын

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

3.Жаппай бақылау нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі балаларда жаңартылған оқу бағдарламасын қалыптастыру қажет. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде жаңартылған оқу бағдарламасын іске асыру.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

Педагогикалық кеңес төрайымы Тәуекелова О.А

Хатшы Рзабаева А.Ж

Scanned with CamScanner

ЖШС «Амаль-2021» «Аяла»балабақшасы
педагогикалық кеңес отырысы
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №3

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі – Тәуекелова О.А
Тәрбиешілер – барлығы
Медбике –1

Күн тәртібінде:

1. №2 пед.кеңестің шешімінің орындалуы
2. Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру жаппай бақылау нәтижесі

І.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1. Педагог қызметкерлерді аттестаттау мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру.
Мерзімі: жыл сайын
Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.
2. Жаппай бақылау нәтижесі: Мектеп жасына дейінгі балаларда жаңартылған оқу бағдарламасын қалыптастыру қажет. Әрбір ұйымдастырылған оқу іс әрекетінде жаңартылған оқу бағдарламасын іске асыру.
Мерзімі: тұрақты
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастыру жаппай бақылау нәтижесі

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым- қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық- дамытушы орта ерекше орын алады. Оның мазмұны ойынның сипатына, таңдалуына және рөлдердің бөлінуіне ықпал етеді.

Мектепке дейінгі ұйымда заттық дамытушы ортаны ұйымдастыру мектеп жасына дейінгі балаларды жан-жақты, үйлесімді тәрбиелеуге мүмкіндік береді және ол ақпараттық қызметті атқарады, яғни әр зат қоршаған орта жөнінде нақты мәлімет береді, әлеуметтік тәжірибе жеткізу құралы болып табылады.

Мектепке дейінгі баланың жеке басын және танымдық процестерін дамыту, қарым-қатынас дағдыларын және тұтастай алғанда айналадағы әлеммен әлеуметтік өзара іс-қимылын қалыптастыру баланың даму ортасын ұйымдастырумен тығыз байланысты.

«Балалар сұлулық әлемінде, яғни ойын, ертегі, ән, сурет, қиял және шығармашылық әлемінде, өмір сүруі керек. Бұл әлем баланы қоршап алуы қажет...», — деп В.Сухомлинский айтқандай, мектепке дейінгі жастағы балалардың қалыпты дамып, жетілуі үшін қажетті дамытушы ортаны қалыптастыру керек.

Заттық-дамытушы орта баланың түрлі әрекеттерін қамтамасыз етеді, жеке белсенді әрекетінің негізін қалайды. Дегенмен де, мектеп жасына дейінгі баланың негізгі әрекеті ретінде ойын жетекші рөл атқарады. Ойындар балаларды мектепте оқуға даярлайды, әр адамға қажетті жеке сапалық көрсеткіштердің алғашқы баспалдағы болып табылады. Ойын әрекетін ұйымдастыруда, қарым- қатынас мәдениетін жүйелеуге қажетті баланың

Scanned with CamScanner

шығармашылық қиялын қалыптастыруда заттық- дамытушы орта ерекше орын алады. Оның мазмұны ойынның сипатына, таңдалуына және рөлдердің бөлінуіне ықпал етеді.

Мектепке дейінгі мекемедегі заттық-дамытушы орта:

- мектепке дейінгі білім беру — адамның үздіксіз білім алу жүйесіндегі алғашқы баспалдақ.

Мектепке дейінгі білім берудің сапасы, білім беру қызметтерінің сапасы көптеген шарттармен қамтамасыз етіледі. Оның ішінде рационалды, мақсатқа бағытталған шарттар заттық дамытушы ортаны мектеп жасына дейінгі балалардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастыруды міндеттейді.

Тәрбиеші арнайы құрастырылған заттық-дамытушы ортада тәрбиелеу және білім беру үдерісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерді, формаларын пайдалануы қажет. Тәрбиешінің мақсаты: мектепке дейінгі мекемедегі тәрбиеленуші дамуының әрбір кезеңінде жеке шығармашылығын қалыптастыруды жүзеге асыру үшін заттық-дамытушы ортаны көп кезеңді, көп қызметті етіп құрастыру.

Тәрбиешінің міндеттері:

- заттық-дамытушы ортаны қажетті құраммен толтыру және құрастыру.
- баланың жекелік қасиеттерін, қабілеттерін, өз бетінділігін және шығармашылығын қалыптастыруда заттық-дамытушы ортаны ұтымды пайдалануға жағдай жасау.

Тек осы мақсат-міндеттер орындалған кезде ғана, мектеп жасына дейінгі баланың қалыпты дамуын, шығармашылық белсенділігін қамтамасыз етуге деген мүмкіндік артады.

Мектепке дейінгі балалардың тұлғасының дамуы негізгі құралдардың бірі — орта. Орта — баланың жаңа білім мен әлеуметтік тәжірибесінің көзі. Мектепке дейінгі ұйымдағы заттық кеңістіктегі орта мектепке дейінгі баланың белсенділігі ғана емес, өздігімен әрекетін, өздігінен білім алуын қамтамасыз етеді. Ересектер баланы өнерге баулығанда жеке тұлғаның эстетикалық және өнегелік жағынан дамуына, оның «ізгіленіп, өнерден бірлесіп ләззат алуына жағдайлар жасайды». Жеке тұлғаға бағдарланған үлгінің қағидалары мектепке дейінгі ұйымды дамытушы орта құрудың мына ұстанымдарын қамтиды:

аралықтар, өзара әрекеттестік кезіндегі орныққан орындары;

- белсенділік, дербестік, шығармашылық;
- тұрақтылық-ұтқырлық;
- жинақылық пен оңтайлылық;
- ортаның әсерлілігі, әр бала мен ересектің жеке жайлылығы мен сезім қолайлылығы;
- ортаны эстетикалық тұрғыдан ұйымдастыруда үйреншікті және әдеттен тыс элементтерді үйлестіру;
- ашықтық-жабықтық;
- балалардың жыныстық және жас ерекшеліктерін ескеру.

Мектеп жасына дейінгі балаға заттық-дамытушы орта не үшін қажет?

Баланың жеке дамуындағы кезеңдердегі қажеттіліктерін қамтамасыз ету үшін қажет. Жинақталған орта жағдайындағы іс-әрекет бала белсенділігін, қоршаған ортаны тануға деген қызығушылығын, танымын шығармашылық бейнелеуге ынтасын қалыптастырады.

Ал, заттық-дамытушы орта тәрбиешіге не үшін қажет?

Мектепке дейінгі жастағы баланың жеке және жалпы дамуын жүзеге асырудағы тәрбиешіге өте сапалы көмекші құрал болып табылады. Дамытушы орта мектеп жасына дейінгі балалардың әртүрлі және мақсатқа бағытталған белсенді әс-әрекеттерінің көптеген мүмкіндіктерін жүзеге асыру мақсатында құрылады. Балалардың әрекеттерін ұйымдастыруда арнайы кеңістік ретінде тәрбиешіге қызмет көрсетеді, тәрбиелеуге ықпал етеді.

Дамыту ортасын ұйымдастырып жасақтаудың бала дамуындағы маңызды рөлін басшылыққа ала отырып ұйымдастырылады және онда бала өзін еркін сезіне алуына, денсаулығына нұқсан келтірілмеуіне, дүниетанымын кеңейтуге қолайлы жағдай туғызуға аса көп мән беріледі. Ұйымдасты-рылған дамытушы орта ыңғайлы болуы керек және баланың айнала қоршаған әлеммен байланысын айқындатуына септігін тигізу керек.

Scanned with CamScanner

Мектепке дейінгі мекемелердегі заттық ортаны ұйымдастыру әр тәрбиешінің шеберлігіне байланысты болады. Егер заттық-дамытушы ортаны қозғалмалы етіп ұйымдастырса, баланың қалауын, тілегін есепке ала отырып, оның орындарын ауыстырып отыруға болады.

Заттық-дамытушы ортаның тағы бір ерекшелігін айта кететін болсам, оның сан алуандығы. Ортаңғы
тобынан басталатын заттық-дамытушы орта ересек топқа дейін толықтырылып отырады. Тәрбиеші міндетті түрде сол топтағы тәрбиеленіп жатқан балалардың жас ерекшелігімен қатар, психологиялық ерекшеліктерін, танымдық қабілеттерін, қызығушылықтарын есепке ала отыру керек. Себебі, әр балаға жеке тұлға деп қарайтын болсақ, әр баланың мінез-құлықтары әртүрлі болғандықтан, әртүрлі шығармашылыққа бейім болатыны анық.

Заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыруда тәрбиеші осы ортаның міндетті талаптарына сүйене отырып жұмыс жасауы қажет. Баланың жас ерекшелігін ескере отырып, ойын әрекетін дамытудың кезеңдік ерекшелігін, тәрбиенің жеке тұлғалық моделі қағидасын есте ұстауы керек.

Мектепке дейінгі мекемелердің топтарында заттық-дамытушы ортаны ұйымдастыру кезінде күрделі, көп жоспарлы, жоғары шығармашылық әрекет қажет. Себебі, ойыншықтардың алуан түрлілігі баланың дамуына негізгі жағдай болып табылмайды. Сондықтан тәрбиешілер топты дұрыс стандартты емес жабдықтай білуі керек деп ойлаймын.

Мақсатты ұйымдастырылған заттық-дамытушы орта баланың ұйлесімді дамуы мен тәрбиеленуінде маңызда рөл атқарады. Дұрыс ұйымдастырылған затты-дамытушы орта балаларда қуаныш сезімін сыйлап, балабақшаға деген жағымды эмоциялық қарым-қатынасты, оған келуге деген ынтасын қалыптастырады, жаңа әсерлер мен білімдермен байытады, шығармашылыққа деген белсенділігін арттырады, мектепке дейінгі балалардың зияткерлік және әлеуметтік дамуына мүмкіндік береді.

І.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1.№3 пед.кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

2. Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылсын.

Мерзімі: үнемі

Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

Педагогикалық кеңес төрайымы Тәуекелова О.А

Хатшы Тәңірберген А.Д

Scanned with CamScanner

ЖШС «Амаль-2021» «Аяла»балабақшасы
педагогикалық кеңес отырысы
2023-2024 оқу жылы
Хаттама №4

Қатысқандар: Балабақша меңгерушісі – Тәуекелова О.А
Тәрбиешілер – барлығы
Медбике – 1

Күн тәртібінде:
1. №3 пед.кеңестің шешімінің орындалуы
2.Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың өзіндік талдауы
3. Жаппай бақылау нәтижесі:
Қорытынды ашық қаралым бойынша талдау
4. 2023-2024оқу жылындағы балалар мониторингінің қорытындысы
5. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту

I.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:
1.№3 пед.кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау.
Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.
2. Мектепке дейінгі мекемеде заттық кеңістіктік дамытушы ортаны ұйымдастырылсын.
Мерзімі: үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

2.ТЫҢДАЛДЫ: Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың өзіндік талдауы
СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Жылдық жоспардың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу. Тәжірибе көрсеткендей тәрбиешілер балалармен жұмысты қатаң жоспарлауға дағдыланған. Алайда, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты жеке тұлғаға бағытталған тәсіл әр баланың жеке тәжірибесі мен бүкіл топтың мүдделерін ескере отырып, жоспарлаудың жаңа форматын қажет етеді. Перспективалық жоспарға негізделген білім беру қызметін жоспарлау шығармашылық үшін көбірек мүмкіндіктер, мазмұнды таңдауда белгілі бір еркіндікті қамтамасыз етеді. Балалардың мүдделері өзгеретін дамушы орта арқылы сақталады. Топтағы әр бала өзін жайлы және сенімді сезінеді, бастама, еркіндік алады және шығармашылық қабілеттерін дамытады. Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері ғана емес, жеке қызығушылықтары мен мүмкіндіктері де ескеріледі.
Жоспарлау форматының артықшылықтары.
Тәрбиеші үшін:
- Шығармашылық үшін еркіндігі бар, бағдарламалық тапсырмаларға қатаң байланбаған.
- Мұнда және қазір әрекет етеді, тек оның мүдделеріне ғана емес, сонымен бірге белгілі бір баланың мүдделеріне де назар аударады.
- Жағдай бойынша таңдайтын және қолданатын әдістер, технологиялар мен әдістердің арсеналы бар.
-Бірлескен жоспар құру процесінде балалардың мүдделерін, олардың әртүрлі салалардағы білімдерін анықтайды, коммуникативтік дағдылардың қалыптасуын, дербестігін, бастамашылдығын бағалайды
Балалар үшін:
- Білім беру қызметін жоспарлауға белсенді қатысады, өз мүдделерін және таңдау құқығын іске асырады.

Scanned with CamScanner

-Бастама, дербестік танытады.
- Командада жұмыс істеу тәжірибесіне ие болады, қарым-қатынас дағдыларын дамытады, өзінің мінез-құлқын реттеуге үйренеді.
- Өз тәжірибесін талдауды үйренеді және білімді өзектендіреді.
- Жоспардың орындалуын дербес тексере алады.
Топ тәрбиешісі қызметінің алгоритмі:

3.ТЫҢДАЛДЫ: Күнді немесе бірлескен іс-әрекетті бірлесіп жоспарлау таңертеңгі топтық жиыннан басталады. Тәрбиеленушілер тәрбиешімен бірге кілемде шеңбер бойымен орналасады. Неліктен кілемде? Мұндай қарым-қатынас балаларды босатады және олардың бірлік сезімін қалыптастыруға көмектеседі, олардың командада, бірыңғай білім беру процесінің қатысушылары екенін түсінуге мүмкіндік береді. Тәрбиеші уақытты өз бетінше жоспарлайды, әдетте бұл таңғы ас алдында немесе таңғы астан кейін болуы мүмкін. Тәрбиеші балалармен кездесуге қуанышты екенін білдіреді. Ол демалыс күндерін қалай өткізгенін немесе жаңа және қызықты нәрсе туралы әңгімелейді. Содан кейін балалар өз әсерлерімен бөліседі. Тәрбиеші осы аптада балаларды жаңа және қызықты нәрсе күтіп тұрғанын айтады. Ол өз ұсыныстарын енгізуге шақырады және оларды арнайы дәптерге жазады немесе А-3, А-4 форматындағы параққа коллаж жасайды. Әрі қарай, мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиешімен бірге аптаның тақырыбын таңдайды. Қазіргі уақытта тәрбиеші үшін басты Нұсқаулық – балалардың мүдделері. Балалардың таңдалған тақырып бойынша білім деңгейін анықтау және оларға не қызықтыратынын білу үшін тәрбиеші үш сұрақ моделін қолданады: «Мен не білемін?», «Мен не білгім келеді?», «Мұны қалай білуге болады?». Барлық балалардың әңгімеге қатысып, сұрақтарға жауап беруі маңызды. Осы технологияның көмегімен тәрбиеші балаларға өздерін қызықтыратын ақпаратты алу жолдарын таңдауға көмектеседі және олармен бірге алдағы жұмыстың мүмкін формаларын талқылайды.
Тәрбиеші балалардың сөздерін сөзбе-сөз жазады және әр сөйлемде олардың аттарын көрсетеді. Бұл ақпарат анықтауға мүмкіндік береді:
* балалар не біледі және нені білгісі келеді;
* олардың мүдделерінің бағыты қандай;
* жақын арада балалар не істейді;
* қандай нәтижелер күтуге болады;
* қандай материалдар қажет болады.
Осылайша, таңертеңгі топтық жиын барысында мектеп жасына дейінгі балалар өздері үшін қызықты іс – әрекеттерді және оны қалай жүзеге асыратындарын, не істейтіндерін өздері таңдайды. Бірлескен талқылауға қатысу оларды таңдау жасауға ғана емес, сонымен қатар қиялды, тапқырлықты көрсетуге, қарым-қатынас дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Осы сәтте барлық балалар білім беру жағдайына қатысады. Әр баланың жеке қабілеттері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жайлы дамытушы қауіпсіз білім беру ортасын, оның ішінде инклюзивті орта құру маңызды. Дамытушы орталықтарды құруға ата-аналарды тартуды басшылыққа алу керек. Тәрбиеленушілердің қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, эмоционалдық, әлеуметтік, когнитивтік дағдыларын қалыптастыру жұмыстарын белсенді ұйымдастыру қажет. Отанды, ана тілін сүюге, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздеріне және патриотизмге баулу жұмыстарын әрбір ұйымдастырылған іс-әрекете жоспарлау керек.

4.ТЫҢДАЛДЫ: 2023-2024 оқу жылындағы балалар мониторингінің қорытындысы

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: 2023-2024 оқу жылындағы балалар мониторингі жоспар бойынша қыркүйек, қаңтар және мамыр айларында өткізілді. Балабақша 3 топтан құралады. Олар, «Күншуақ» мектепалды даярлық тобы, «Айналайын» ересек тобы және «Бүлдіршін» ортаңғы тобы. Жалпы мониторинг 5 дағды бойынша жүргізілді. Олар, Физикалық қасиеттерді дамыту, Коммуникативтік дағдыларды дамыту, Танымдық және зияткерлік

Scanned with CamScanner

дағдыларды дамыту, Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

«Күншуақ» мектепалды даярлық тобында 17 тәрбиеленуші. «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары деңгей – 14, орташа деңгей – 3. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 14, орташа деңгей – 2, төменгі деңгей –1 «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 13, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей – 1 «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары денгей – 13, орташа деңгей – 3,төменгі деңгей –1, «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» жоғары денгей – 13, орташа деңгей–3 төменгі деңгей –1.Жоғары пайыз көрсеткіші – 79%, Орташа пайыз көрсеткіші - 16% төменгі пайыздық көрсеткіш - 5%

«Айналайын» ересек тобында 23 тәрбиеленуші. «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары деңгей – 18, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей –2. «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 18, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей -2, «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 19, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей –1. «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары денгей – 20, орташа деңгей – 2, төменгі деңгей –1, «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» жоғары денгей – 19, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей –1. Жалпы пайыз көрсеткіші – 81%, Орташа пайыз көрсеткіші - 12% төменгі пайыздық көрсеткіш - 7%

«Бүлдіршін» ортаңғы тобында 29 тәрбиеленуші. «Физикалық қасиеттерді дамыту» бойынша жоғары деңгей – 22, орташа деңгей – 5, төменгі деңгей – 2, «Коммуникативтік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 24, орташа деңгей – 4, төменгі деңгей – 1, «Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту» бойынша жоғары денгей – 25, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей - 1 «Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту» бойынша жоғары денгей – 25, орташа деңгей – 3, төменгі деңгей – 1, «Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру» жоғары денгей – 23, орташа деңгей – 4, төменгі деңгей - 2 Жоғары пайыз көрсеткіші – 82%, орташа пайыз көрсеткіші – 12%,төменгі пайыздық көрсеткіш - 4%

Жалпы 2023-2024 оқу жылында балалар мониторингінің көрсеткіші орташа деңгейде.

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Қымбатты әріптестер! Өткен оқу жылында педагогтарды аттестаттау «Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 14.05.2020 № 202 бұйрығы негізінде іске асырылды.

Педагогтерді аттестаттау үшін тиісті саланың уәкілетті органдарында, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың және астананың, ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) білім беруді басқару органдарында (бұдан әрі - аттестаттаушы орган) осы мемлекеттік органдардың, яғни балабақша басшысының бұйрығымен комиссиялар құрылады.

Аттестаттау комиссия құрамына мемлекеттік органдардың, оның ішінде жергілікті өкілді және атқарушы органдардың, еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның,

Scanned with CamScanner

мемлекеттік қызмет істері жөніндегі уәкілетті органның, құқық қорғау органдарының өкілдері, кәсіподақтардың, үкіметтік емес ұйымдардың білім беру ұйымдарының алқалы басқару органдарының, қоғамдық кеңестердің өкілдері, сондай-ақ аттестаттаушы органның құрылымдық бөлімшелерінің қызметкерлері кіруі мүмкін.

Комиссия мүшелері тақ саннан тұрады, бұл ретте құрамы жеті мүшеден кем болмауы тиіс. Комиссия мүшелері Комиссия отырысына алмастыру құқығынсыз қатысады. Комиссия төрағасы педагогтерді аттестаттаудан өткізетін мемлекеттік органның басшысы болып табылады. Төрағаның орынбасары комиссия мүшелерінің арасынан сайланады.

Хатшы оның комиссия мүшесі болып табылмайды. Комиссия хатшысы комиссия отырысына материалдарды, қажетті құжаттарды дайындайды, хаттаманы ресімдейді және қол қояды және дауыс беруге қатыспайды.

Комиссияның отырысы, егер оған оның құрамының кемінде 2/3-сі қатысса, заңды деп есептеледі.

Дауыс беру нәтижелері Комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен айқындалады. Дауыстар тең болған жағдайда Комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.Комиссия отырыстарында аудио және бейне жазба жүргізіледі. Аудио және бейне жазбалар архивте кемінде үш жыл сақталады.

Аттестаттаушы адамның кәсіби, іскерлік және жеке басы қасиеттерін талқылап шынайы, сыпайы және әділеттілік жағдайда өткізеді. Аттестаттау комиссиясы аттестатталушы педагогтардың құжаттарын сараптау комиссиясына ұсынады. Сараптамалық топ – педагог қызметкерлердің кәсіби деңгейін және біліктілік талаптарына сәйкестік дәрежесін бағалайды.

Аттестаттау комиссиясының әрбір мүшесі ұсынылған материалдарды зерделеп, аттестатталушымен әңгімелескен соң аттестатталушы қызметшіге бағалау парағын толтырады, содан кейін аттестаттау комиссиясы шешім қабылдайды.

Аттестаттау комиссиясы Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 17 қазандағы №530 бұйрығымен «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қантардағы № 83 бұйрығына өзгерістер енгізу туралыҚазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 14 мамырдағы № 202 бұйрығына сәйкес жұмыс жүргізеді.

Сонымен бірге, әрбір педагог жұмыс барысында педагогикалық әдеп қағидалары мен нормаларын сақтау керек.

Білім беру ұйымдарының педагог қызметкерлері педагогикалық әдептің жалпы қағидаттары мен нормаларын басшылыққа алуға:

-тәрбиеленушілердің, олардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің ар-намысы мен қадір-қасиетін құрметтеуге;

- балаларды заңға, адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-аналарына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсетуге, жоғары адамгершілік, патриотизм рухына, қоршаған ортаға

Scanned with CamScanner

қыпты қарауға тәрбиелеуге;

-тәрбиеленушілерде өмірлік дағдыларды, құзыреттіліктерді, дербестікті, шығармашылық қабілеттерді дамыту және салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға міндетті.

Педагог қызметкерлер өз қызметінде заңсыз әрекеттерге жол бермеуі, лауазымдық міндеттерін адал және сапалы орындауы тиіс, өмірлік қиын жағдайда жүрген баланы анықтау фактілері туралы білім беру ұйымының басшылығына дереу хабарлауға міндетті.

Әрбір мектепке дейінгі ұйымда қолданыстағы нормативтік актіге сәйкес «Педагогикалық әдеп жөніндегі кеңес» жұмыс істеуі тиіс.

5.ТЫҢДАЛДЫ: Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту

СӨЗ СӨЙЛЕДІ: Балабақшаның жаз мезгіліндегі сауықтыру іс-шаралары жоспары Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігінің «Мектепке дейінгі балалық шақ» Республикалық орталығының ғылыми-әдістемелік кеңесінің 2021 жылғы 31-мамырдағы №5 хаттамалық шешімімен ұсынылған Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарында жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар негізінде жасалды. Мектепке дейінгі ұйымда білім беру процесіне қатысушылардың барлығын қамтитын жазғы сауықтыру жұмысын сауатты ұйымдастыру балалардың физикалық және психикалық денсаулығын нығайтуға, олардың танымдық қызығушылықтарын дамытуға, сондай-ақ ата-аналарға қажетті кеңес беруге, әдістемелік көмек ұсынуға мүмкіндіктер берді. ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 15 наурыздағы № 137 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделінің міндеттері басшылыққа алынды. Ол дені сау, білуге құмар, көпшіл, сын тұрғысынан ойлайтын балаларды қалыптастыру мен әлеуметтендіруді және қазіргі заманғы теорияларды ұлттық ерекшеліктермен үйлесімді ұштастыру негізінде баланы ерте дамыту процесінің тұтастығын қамтамасыз етуді қарастырады. Соның ішінде, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде, ұлттық мәдениет пен дәстүр арқылы баланың жеке қасиеттерін қалыптастыру көзделген. Сондықтан жазғы сауықтыру шараларының аясында ұлттық ойындарға басымдық беріліп және «ойын арқылы оқыту» қағидасын негізге алынды. Жазғы сауықтыру кезеңінде бес білім беру салалары бойынша жүргізілетін жұмыс бағыттары айқындалып, сол бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді. Нәтижесінде, балалардың жыл бойы алған білімдері пысықталып, баланыңденсаулығы нығайып және ағзаның суық тию сырқаттарына қарсы тұру қабілеттілігі артты. Баланың қоршаған ортасында эмоционалдық жайлылық қалыптасты, балалардың қарым-қатынаста белсенділігі, бастамашылдығын қолдау арқылы өзіне деген сенімділігі нығайды, әдептілікке үйрету арқылы эстетикалық мәдениет және экологиялық тәрбие негіздері қалыптасты, балалардың денсаулығын сақтау және нығайтуда педагогтер мен ата-аналардың жауапкершілігі артты.

Жаз мезгіліндегі жазғы сауықтыру жоспары бойынша медбике жетекшілігімен сауықтыру шаралары уақытылы өткізілді, әдіскер тарапынан басшылыққа алынады. Таңертеңгі қабылдау балалардың ата-аналары немесе заңды өкілдері балаларын балабақшаның сыртқы киретін есігіне дейін ертіп алып келіп, балабақша кіріберісінде кезекші педагогтар балаларды қабылдап, таза ауада медбикенің фильтрлік тексеруінен өткізіп, топ тәрбиешілеріне табысталды. Тәрбиешілер таңғы жаттығуды таза ауада учаскелерінде жүргізді. Ата-аналарға қазіргі жағдайға байланысты жұқпалы аурулар және олардың алдын-алу туралы кеңестер берілді. Барлық ұйымдастырылған жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын қорғау, денсаулық мәдениеті негізі арқылы келесі тапсырмалардың шешімін табуға мақсатқа жетуге бағытталды.

І.ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС ШЕШІМІ:

1.№4 пед.кеңестің шешімінің орындалуын қадағалау.

Жауаптылар: меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.

Scanned with CamScanner

2.Жыл қорытындысы бойынша педагогтардың жұмыстарын әрбір ұйымдастырылған іс-әрекете жоспарлау керек.
Мерзімі: Үнемі
Жауаптылар: әдіскер, тәрбиешілер, мамандар.
3. Жаппай бақылау нәтижесі:
Қорытынды ашық қаралым бойынша талдау
4. 2023-2024оқу жылындағы балалар мониторингін көтеру мақсатында жұмыстану
5. Жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту және ұйымдастыру

Педагогикалық кеңес төрайымы Тәуекелова О.А

Хатшы Рзабаева А.Ж

Scanned with CamScanner